

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и
строительства
СБОРНИК ЦЕН НА ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ

ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

2-бөлім Инженерлік-геологиялық ізденістер

СБОРНИК ЦЕН НА ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 2 Инженерно-геологические изыскания

ҚР ИБЖ 8.03-04-2024
СЦИ РК 8.03-04-2024

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства
СБОРНИК ЦЕН НА ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ

ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

2-бөлім Инженерлік-геологиялық ізденістер

СБОРНИК ЦЕН НА ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 2 Инженерно-геологические изыскания

ҚР ИБЖ 8.03-04-2024
СЦИ РК 8.03-04-2024

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2024

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 01.11.2024 жылғы № 138-нқ бұйрығымен 01.01.2025 жылдан бастап
4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 06.11.2023 жылғы № 4-нқ бұйрығымен бекітілген ҚР ИБЖ 8.03-04-2023 «Құрылыс үшін инженерлік ізденістерге арналған бағалар жинағы»

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (МПС РК)
3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 01.11.2024 года № 138-нқ с 01.01.2025 года
4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН	СЦИ РК 8.03-04-2023 «Сборник цен на инженерные изыскания для строительства», утвержденный приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 06.11.2023 года № 4-нқ

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

Жалпы нұсқаулар	1
1-бөлім Алдын-ала барлап (бағдарлы) тексеруге және бағыттық бақылауларға арналған бағалар.....	7
1-тарау Инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық және инженерлік-экологиялық алдын-ала барлап (бағдарлы) тексеру	10
1602-0101-01-кесте - Алдын-ала барлап тексеру	10
2-тарау 1:50000 - 1:500 масштабтардағы инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық және инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде орындалатын бағыттық бақылаулар	12
1602-0102-01-кесте - Инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ, инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде бағыт бойынша қозғалу кезіндегі бақылаулар	12
1602-0102-02-кесте - Инженерлік-геологиялық (гидрогеологиялық) карталарды жасау кезіндегі бақылаулар нүктелерінің сипаттамасы	13
2-бөлім Бұрғылау жұмыстарына арналған бағалар	15
1-тарау Қолмен бұрғылау және тасымалды бұрғылау қондырғыларымен бұрғылау	17
1602-0201-01-кесте - Қолмен бұрғылау	18
1602-0201-02-кесте - Тасымалды қондырғылармен бұрғылау	19
1602-0201-03-кесте - Ілеспе жұмыстар	21
2-тарау Бағаналық бұрғылау	22
1602-0202-01 -кесте - Бағаналық бұрғылау (I бөлім)	24
1602-0202-02 -кесте - Бағаналық бұрғылау (II бөлім)	26
1602-0202-03 -кесте - Бағаналық бұрғылау (III бөлім)	29
1602-0202-04-кесте - Ілеспе жұмыстар	29
3-тарау Механикалық соққылы-арқандық бұрғылау	31
1602-0203-01-кесте - Ұңғымаларды механикалық соққылы-арқандық әдіспен бұрғылау (I бөлім)	32
1602-0203-02-кесте - Ұңғымаларды механикалық соққылы-арқандық әдіспен бұрғылау (II бөлім)	35
1602-0203-03-кесте - Ілеспе жұмыстар	37
4-тарау Ұңғымаларды және сыбызғы-шурфтарды шнекті бұрғылау	40
1602-0204-01-кесте - Ұңғымаларды шнекті бұрғылау	41
1602-0204-02-кесте - Сыбызғы-шурфтарды механикалық бұрғылау	42
5-тарау Дірілдік бұрғылау	43
1602-0205-01-кесте - Дірілдік бұрғылау	43
6-тарау Кері шаюмен бұрғылау	45
14-кесте	45
1602-0206-01-кесте - Кері шаюмен бұрғылау	45
3-бөлім Тау-кен үңгілеу жұмыстарына арналған бағалар.....	47
1-тарау Ашық тау-кен қазбаларын үңгілеу	49
1602-0301-01-кесте – Көмбені үңгілеу	49

1602-0301-02-кесте - Жырларды, орларды, оймаларды және аршымаларды үңгілеу .	49
2-тарау Жерасты тау-кен қазбаларын үңгілеу	51
1602-0302-01-кесте - Шурфтарды және шахталарды үңгілеу	51
1602-0302-02-кесте - Көлденең тау-кен қазбаларын үңгілеу	53
1602-0302-03-кесте - Көтерілетін қазбаларды үңгілеу	54
1602-0302-04-кесте - Бұрғылау және тәжірибелік зерттеу жұмыстарына арналған камераларды үңгілеу	54
3-тарау Тау-кен қазбаларын үңгілеу кезіндегі ілеспе жұмыстар	56
1602-0303-01-кесте - Теспелерді бұрғылау	56
1602-0303-02-кесте - Тау-кен қазбаларын бекіту	56
1602-0303-03-кесте - Қазбаларды үңгілеу кезінде су ағызу (I бөлім)	58
1602-0303-04-кесте - Қазбаларды үңгілеу кезінде су ағызу (II бөлім)	60
1602-0303-05-кесте - Қазбаларды үңгілеу кезінде су ағызу (III бөлім)	63
1602-0303-06-кесте - Қазбаларды үңгілеу кезінде су ағызу (IV бөлім)	65
1602-0303-07-кесте - Қазбаларды үңгілеу кезінде су ағызу (V бөлім)	67
4-бөлім Тәжірибелік-сүзгілеу жұмыстарына және стационарлық бақылауларға арналған бағалар	68
1-тарау Тәжірибелік-сүзгілеу жұмыстары	70
1602-0401-01-кесте - Суды айдау	70
1602-0401-02-кесте – Суды ұңғыманың жеке аралығына айдамалау, құю, жедел-құю	71
1602-0401-03-кесте - Суды шурфқа құю, жедел-құю	71
1602-0401-04-кесте - Суды өзі ағызылатын ұңғымадан тәжірибелік шығару	71
1602-0401-05-кесте - Ұңғымаға ауа айдамалау	72
2-тарау Стационарлық бақылаулар	73
1602-0402-01-кесте - Жерасты және жерүсті сулардың режимін стационарлық бақылаулар	73
1602-0402-02-кесте - Жыныстардың температурасын стационарлық бақылаулар	73
1602-0402-03-кесте - Жыныстардың маусымдық еру режимін стационарлық бақылаулар	74
3-тарау Ілеспе жұмыстар	75
1602-0403-01-кесте - Ұңғыма құйылысының жабдығына арналған сүзгіні және бастиекті дайындау, сүзгілеу бағанасының қондырғысы және алу	75
1602-0403-02-кесте - Ұңғымаға тығындама қондырғысы	75
1602-0403-03-кесте - Сүзгілерге салу үшін малтатасты-құмды қоспаны дайындау	76
5-бөлім Далалық топырақ зерттеулері және сынамаларды іріктеу	77
1-тарау Далалық топырақ зерттеулері	77
1602-0501-01-кесте - Топырақты серпінді және орнықты зондтау	77
1602-0501-02-кесте – Ашық ұштықпен серпінді және орнықты зондтау	78
1602-0501-03-кесте - Фунттарды ұңғымада немесе массивте айналдырма кесінді әдісімен сынау	79
1602-0501-04-кесте - Топырақты ұңғымада прессиометрмен сынау	79
1602-0501-05-кесте - Топырақты қадада серпінді жүктемелермен сынау	79
1602-0501-06-кесте - Қадаларды төпеу	80
1602-0501-07-кесте - Қаданың қағылуын бақылау (қағу процесінсіз)	80
1602-0501-08-кесте - Топырақты қадаларға орнықты жүктемелермен сынау	80
1602-0501-09-кесте - Топырақты эталондық қадамен сынау	81

1602-0501-10-кесте - Топырақты эталондық қадаларға орнықты жүктемемен сынау ..	82
1602-0501-11-кесте - Топырақты тау-кен қазбаларындағы және бұрғылау ұңғымаларындағы штамптарға тік орнықты жүктемемен сынау	82
1602-0501-12-кесте - Топырақты тау-кен қазбаларындағы қимаға сынау	85
1602-0501-13-кесте - Эталондық алаңда жартас массивінің жарықшақтығын зерделеу	85
2-тарау Сынамаларды іріктеу	86
1602-0502-01-кесте - Бұрғылау ұңғымаларынан, тау-кен қазбаларынан және қазаншұңқырлардан зертханалық зерттеулер үшін байланыстырғыш және байланыстырмайтын топырақ монолиттерін іріктеу	86
1602-0502-02-кесте - Тау-кен қазбаларынан және қазаншұңқырлардан жартасты жыныстардың монолиттерін іріктеу	86
1602-0502-03-кесте - Сынамаларды іріктеу және оларды өңдеу	87
1602-0502-04-кесте - Химиялық және бактериологиялық көрсеткіштер бойынша ластануға талдаулар үшін сынамаларды іріктеу	88
1602-0502-05-кесте - Сынаманы іріктеу орнында судағы тұрақсыз химиялық құрауыштарды анықтау	89
6-бөлім Геофизикалық жұмыстарға және зерттеулерге арналған бағалар.....	90
1-тарау Электрбарлау	92
1602-0601-01-кесте - Тік электрлік зондтау	92
1602-0601-02-кесте - АА/ MN BB/ сызбасы бойынша жердің бетінен электр бейіндеу және радиолокациялық бейіндеу.....	93
2-тарау Магнит барлау	95
1602-0602-01-кесте - Магнит барлау.....	95
3-тарау Гравибарлау	96
1602-0603-01-кесте – Гравибарлау	96
4-тарау Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер	97
1602-0604-01-кесте - Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер	97
5-тарау Топырақтың тоттану белсенділігін және кезбе токтардың қарқындылығын анықтау	99
1602-0605-01-кесте - Топырақтың үлестік электрлік қарсылығын төрт электродты қондырғымен өлшеу	99
1602-0605-02-кесте - Өлшем нүктелері арасындағы арақашықтығы 200 м дейін жердің екі нүктесі арасындағы әлеуеттердің әралуандығын өлшеу (кезбе токтардың болуын анықтау)	100
6-тарау Камералық геофизикалық жұмыстар	101
1602-0606-01-кесте - Топырақтың үлестік электрлік қарсылығын анықтау	101
1602-0606-02-кесте - Әлеуеттер әралуандығы өлшемдерінің нәтижелерін өңдеу көрсеткіш аспаптармен	101
1602-0606-03-кесте - Өзі жазатын аспаптармен әлеуеттер әралуандығы өлшемдерінің нәтижелерін өңдеу	101
1602-0606-04-кесте - Ізденістер бағдарламасын, қорытынды және техникалық есепті жасау	102
7-тарау Сейсmobарлау және сейсмикалық каротаж, сейсмологиялық бақылаулар	104
1602-0607-01-кесте - Ауытқуларды зібалға соққыларымен қоздыру кезінде ШТӘ және СТӘ сейсmobарлау	105

1602-0607-02-кесте - Ауытқуларды автомашинада немесе автотіркемеде монтаждalған соққылық қондырғымен қоздыру кезінде ШТӘ және СТӘ сейсмобарлау	106
1602-0607-03-кесте Тізбекті сейсмоораммен сейсмикалық каротаж	109
1602-0607-04-кесте Сейсмобарлау және сейсмокаротаж материалдарын өңдеу	109
1602-0607-05 -кесте - Жер сілкіністері кезінде топырақтың ауытқуларын сейсмологиялық бақылаулар	110
1602-0607-06 -кесте - Жарылыстар кезінде топырақтың ауытқуларын сейсмологиялық бақылаулар	111
1602-0607-07 - кесте - Сейсмологиялық станциялармен ұсақ ауытқулардың (микросейсмалар) жазбасы	112
1602-0607-08 -кесте - Сейсмологиялық бақылаулардың деректерін өңдеу	112

7-бөлім Зертханалық жұмыстарға және зерттеулерге арналған бағалар..... 114

1-тарау Топырақтың (жыныстар) физикалық-механикалық қасиеттерінің жеке-дара анықтамалары және кешенді зерттеулері (сынақтар)	115
1602-0701-01 -кесте - Саз балшықты топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерінің жеке-дара анықтамалары	115
1602-0701-02-кесте - Саз балшықты топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерінің кешенді зерттеулері	117
1602-0701-03-кесте - Құмды топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерінің жеке-дара анықтамалары	123
1602-0701-04-кесте - Құмды топырақтың физикалық-механикалық қасиеттерінің кешенді зерттеулері	124
1602-0701-05-кесте - Үш осьтік сығу кезінде топырақтың беріктігі және деформациялануы сипаттамаларын анықтау	127
1602-0701-06-кесте - Жартасты және жартылай жартасты топырақтың (жыныстар) механикалық қасиеттерінің және олардан текшелер мен призмалар дайындаудың жеке-дара анықтамалары (сынақтар)	128
1602-0701-07-кесте - Жартасты және жартылай жартасты топырақтың (жыныстар) физикалық-механикалық қасиеттерінің кешенді анықтамалары (сынақтар)	129
1602-0701-08-кесте - Ботаникалық-торфмейстерлік зерттеулер және шымтезектің физикалық қасиеттерінің анықтамалары	130
2-тарау Топырақтың (жер қыртысы) және судың химиялық құрамының жеке-дара анықтамалары және кешенді зерттеулері	131
1602-0702-01 -кесте - Топырақтың (жер қыртысы) химиялық құрамының жеке анықтамалары	131
1602-0702-02-кесте - Топырақтың (жер қыртысы) химиялық құрамының кешенді зерттеулері	134
1602-0702-03-кесте - Судың химиялық құрамының жеке анықтамалары	135
1602-0702-04-кесте - Судың химиялық құрамының кешенді зерттеулері	138
1602-0702-05-кесте - Ингредиенттер бойынша бөліктелген кестелерді салу	138
1602-0702-06-кесте - Топырақтың және судың тоттану белсенділігін анықтау	140
3-тарау Топырақ құрылыс материалдарының физикалық-механикалық қасиеттерінің жеке-дара анықтамалары және кешенді зерттеулері	141
1602-0703-01-кесте - Топырақ құрылыс материалдарының физикалық-механикалық қасиеттерінің жеке-дара анықтамалары	141
1602-0703-02-кесте - Топырақ құрылыс материалдарының физикалық-механикалық қасиеттерінің кешенді зерттеулері	143

8-бөлім Камералық жұмыстарға арналған бағалар	147
1-тарау Алап алдындағы камералық жұмыстар.....	147
1602-0801-01-кесте - Өткен жылдардағы ізденістердің материалдарын зерделеу және жүйелендіру	147
1602-0801-02-кесте - Шифрді алап алдындағы оқу	148
1602-0801-03-кесте - Жұмыстарды жүргізу бағдарламасын жасау	150
2-тарау далалық және зертханалық жұмыстардың материалдарын камералық өңдеу ...	152
1602-0802-01-кесте - Бұрғылау және тау-кен үңгілеу жұмыстарының материалдарын камералық өңдеу	152
1602-0802-02-кесте - Топырақтың далалық тәжірибелік сынақтарының материалдарын камералық өңдеу	152
1602-0802-03-кесте - Тәжірибелік гидрогеологиялық жұмыстардың материалдарын камералық өңдеу	153
1602-0802-04 -кесте - Стационарлық бақылауларды камералық өңдеу	153
1602-0802-05-кесте - Зертханалық зерттеулердің деректерін камералық өңдеу.....	154
3-тарау Орындалған жұмыстардың нәтижелері туралы техникалық есепті (қорытынды) жасау	155
1602-0803-01-кесте - Орындалған жұмыстардың нәтижелері туралы техникалық есепті (қорытынды) жасау.....	155
9-бөлім Әртүрлі жұмыстар мен қызметтерге арналған бағалар	157
1-тарау Геотехникалық бақылау және құрылыс шұңқырларының құжаттамасы	157
1602-0901-01-кесте - Ғимараттар мен құрылыстардың негіздерін инженерлік дайындаудың сапасын геотехникалық бақылау	157
1602-0901-02-кесте - Жер қазу құрылысын тұрғызу, топырақты төсеу, тығыздау, шаю және қуыстарды көму сапасын геотехникалық бақылау	158
1602-0901-03-кесте - Құрылыс шұңқырларының инженерлік-геологиялық құжаттамасы.....	158
2-тарау Радиометрлік жұмыстар	160
1602-0902-01 -кесте - Радон ағынының тығыздығын анықтау	160
1602-0902-02 -кесте - Учаскені радиациялық тексеру	160
3-тарау Геодезиялық жұмыстар.....	162
1602-0903-01 -кесте - Жеке нүктелерді жоспарлы және биіктіктік байланыстыру	163
1602-0903-02-кесте - Теодолиттік және нивелирлік жүрістерді төсеу.....	163
1602-0903-03 -кесте - Бейіндерді бөлу және нивелирлеу	164
1602-0903-04-кесте - Орман соқпақтарын және нысаналарды бұтау	164
4-тарау Жерлерді қалпына келтіру.....	165
1602-0904-01-кесте - Жерлерді қалпына келтіру.....	165
5-тарау Қосалқы жұмыстар	166
1602-0905-01-кесте - Ізденіс жабдығын монтаждау, бөлшектеу және ұстау	166
1602-0905-02 -кесте - Ізденіс базаларын және радиостанцияларды ұстау.....	167
1602-0905-03-кесте - Орманды шабу және түптерді қопару	167
1602-0905-04-кесте - Өзге де жұмыстар	168
А қосымша (міндетті) Шөлді және сусыз аудандарда орындалатын инженерлік ізденістердің бағаларына қойылатын коэффициенттер	170

Б қосымша(міндетті) Далалық инженерлік ізденістерді жүргізу үшін жылдың қалайсыз мезгілінің ұзақтығы 170

2-бөлім Құрылыс үшін инженерлік-геологиялық ізденістер**Раздел 2 Инженерно-геологические изыскания****Енгізу күні 2025-01-01****Жалпы нұсқаулар**

1 Бағалар жинағы құрылыс үшін инженерлік ізденістерге арналған. Инженерлік-геологиялық ізденістер деген 2-бөлім (бұдан әрі - Жинақ) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді және құрылысқа мемлекеттік инвестициялар есебінен немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен тұрғызылатын объектілер бойынша инженерлік-геологиялық ізденістердің құнын анықтауға арналған.

2 Инвестициялық жобаларды жеке меншік инвестициялар және кепілдіксіз және мемлекет кепілдемесінсіз тартылатын қаражат есебінен іске асыратын нарық субъектілері үшін жинақ ұсынымдық сипатқа ие және инженерлік-геологиялық ізденістердің құнын анықтау кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланылуы мүмкін.

3 Жинақ мыналарға арналған бағаларды қамтиды:

- алдын-ала барлап (бағдарлы) тексеру және бағыттық бақылаулар;
- бұрғылау жұмыстары;
- тау-кен үңгілеу жұмыстары;
- тәжірибелік-сүзгілеу жұмыстары, далалық топырақ зерттеулері және сынамаларды іріктеу;
- зертханалық жұмыстар және зерттеулер;
- камералық жұмыстар;
- әртүрлі жұмыстар және қызметтер;
- қосалқы жұмыстар.

4 Бағалар 2025 ж. 1 қаңтарға жай-күйі бойынша есептелді.

5 Бағалар қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып, далалық және камералық инженерлік-геологиялық жұмыстардың құрамына және оларды жүргізудің қазіргі заманғы технологиясына сәйкес есептелді және бұл жұмыстардың құнын анықтау үшін оңтайлы болып табылады. Бағаларда үстеме шығыстар, сметалық пайда, әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар, салықтар мен алымдарды төлеуге арналған шығындар (ҚҚС-тан басқа) ескерілген.

Алаптық жұмыстарға арналған бағалар қызметкерлерге іссапар шығындарын төлеумен немесе далалық керек-жарақпен қамтамасыз етумен оларды экспедициялық шарттарда орындау үшін көзделді.

Ізденістердің материалдарын камералық өңдеу бойынша бағалар қызметкерлерге іссапар шығындары төлемей немесе далалық керек-жарақпен қамтамасыз етудің оларды стационар шарттарында орындау үшін көзделді.

6 Бағалар бірдей жұмыстар үшін оңтайлы болып табылады. Экспедициялық шарттарда орындалатын ізденістердің материалдарын бастапқы өңдеу далалық жұмыстарға арналған бағаларда ескерілген.

Бағаларда, сондай-ақ мыналарға арналған шығыстар ескерілген:

- а) ізденістерді жүргізуге техникалық тапсырма алу;
- б) тапсырыс берушімен ізденістер бағдарламасын (нұсқама) келісу және шарттық құжаттаманы дайындау;
- в) аспаптарды, құралдарды, жабдықты дайындау, тексеру және өлшеу құралдарының бірлігін және дәлдігін метрологиялық қамтамасыз ету;
- г) ішкі бақылау және ізденіс материалдарын қабылдау;
- д) ізденіс ұйымына 1 дана, тапсырыс беруші үшін 2 дана және ізденістерге рұқсат берген немесе оларды тіркеуді жүзеге асырған орган үшін 1 дана ізденістердің есептік материалдарын, 4 данада есептік материалдардың электрондық нұсқаларын шығару;
- е) ізденістердің есептік материалдарын, есептік материалдардың электрондық нұсқасын тапсырыс берушіге тапсыру.

7 Бағаларда мыналар бойынша шығыстар ескерілмеген және осы Жинақтың тиісті кестелері (нормативтері) бойынша қосымша анықталады:

- а) ішкі көлік;
- б) сыртқы көлік;
- в) объектіде жұмыстарды ұйымдастыру және тарату;
- г) монолиттер, жалпы сынамалар және химиялық және бактериологиялық көрсеткіштер бойынша ластануға талдауға арналған сынамаларды іріктеу;
- д) ізденістер бағдарламасын (нұсқама) жасау, сондай-ақ техникалық есепті (қорытынды) жасау және тапсырыс берушіге беру;
- е) инженерлік ізденістердің аралық материалдарын дайындау және тапсырыс берушіге беру;
- ж) әртүрлі қосалқы жұмыстар (геотехникалық бақылау, радиометрлік жұмыстар, геологиялық жұмыстар және т.б.);
- з) инженерлік ізденістерді жүргізуге рұқсаттарды ресімдеу;
- и) жерлерді қалпына келтіру;
- к) ізденіс базаларын және радиостанцияларды ұстау (жалға алу);
- л) арнайы ізденіс жабдығын монтаждау, бөлшектеу және ұстау (жалға алу).

8 Бағалар жылдың қолайлы мезгіліне және ізденіс жұмыстарын жүргізудің қалыпты режиміне арналған ізденістерді жүргізу шарттары үшін есептелді.

Арнайы режим шарттарында, сондай-ақ жылдың қолайсыз мезгілінде ізденістердің құнын анықтау кезінде бағаларға тиісті коэффициенттер қолданылады:

- а) ізденістерді таулы және биік таулы аудандарда орындау кезінде бағаларға 1-кестеде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

1-кесте

Ауданның атауы	Коэффициент
Учаске бетінің теңіз деңгейінен абсолюттік биіктіктерімен таулы және биік таулы, м:	
1500-ден бастап 1700-ге дейін	1,1
1700-ден астам 2000-ға дейін	1,15
2000-нан астам 3000-ға дейін	1,2
3000-нан астам	1,25

- б) ізденістерді шөлді және сусыз аудандарда орындау кезінде бұл ізденістерге арналған бағаларға А қосымшада келтірілген коэффициенттер қолданылады;

- в) ізденістерді орындау кезінде:

- арнайы режиммен аумақтарда далалық жұмыстарға арналған бағаларға 1,25 коэффициент қолданылады;

- радиоактивтілігі $1 \text{ м}^3/\text{жыл}$ астам немесе $0,1 \text{ бэр}/\text{жыл}$ аудандарда - 1,5 коэффициент;

Ескертпе- арнайы режиммен аумақтарға мән-жай немесе белгіленген режим бойынша ізденістер кезінде жұмыс уақытының шығындарымен байланысты үзілістер немесе қиындықтар болатын аудандар және учаскелер жатады: шекаралық аудандар, полигондар, әуеайлақтар, жарылыс жұмыстары жүргізілетін алаңдар, ауасы қатты тозаңданған учаскелер, қолданыстағы құрылыс алаңдары, қазаншұңқырлар, карьерлер; экологиялық зиянды аумақтар және кәсіпорындар, жарылыс қауіпті, зиянды және ыстық цехтардың аумақтары, қорғаныс, химиялық, мұнай-химия, металлургиялық, көмір және тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының, магистралдық құбыр өткізгіштердің мұнай және газ айдау станцияларының, режимдік кәсіпорындардың, қолданыстағы электр станциялары мен қосалқы станциялардың аумақтары, электр станцияларының ашық тарату құрылғылары, кернеуі 500 кВ және жоғары электр берілісі қолданыстағы желілерінің бойындағы ені 200 м дейін жолақтар, қалалардың магистралдық көшелері (даңғылдар), темір жол станцияларының, порттардың, затондардың аумақтары және т.б.

г) далалық ізденіс жұмыстарын тиісті аудандарда (Б қосымшаға сәйкес) жылдың қолайсыз мезгілінде орындау кезінде олардың құнына 2-кестеде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

2-кесте

Қолайсыз мезгілдің ұзақтығы, ай	Коэффициент
2-3,5	1,1
4-5,5	1,2
6-7,5	1,3
8-9,5	1,4

9 Ішкі көлік бойынша шығыстар базаларды, радиостанцияларды ұстау, сондай-ақ 1602-0905-01 және 1602-0905-02 -кестелер бойынша анықталатын ізденіс жабдығын монтаждау, бөлшектеу және ұстау бойынша шығыстарды қоса алғанда, далалық ізденіс жұмыстардың сметалық құнынан пайыздарда (Жалпы нұсқаулардың 8 «а», «б», «в», «г» тармақшаларында келтірілген коэффициенттерді ескере отырып) 3-кесте бойынша анықталады.

3-кесте

Ізденіс ұйымы, экспедиция, партия немесе отрядтың базасынан ізденістер учаскесіне дейінгі арақашықтық, км	Ішкі көлік бойынша шығыстар, %, далалық ізденіс жұмыстарының құны, млн. теңге.				
	1-ге дейін	1-ден астам 2-ге дейін	2-ден астам 4-ке дейін	4-тен астам 10-ға дейін	10-нан астам
5-ке дейін	8,75	7,5	6,25	5,0	3,75
5-тен астам 10-ға дейін	11,25	10,0	8,75	7,5	6,25
10-нан астам 15-ке дейін	13,75	12,5	11,25	10,0	8,75
15-тен астам 20-ға дейін	16,25	15,0	13,75	12,5	11,25
20-дан астам 30-ға дейін	18,75	17,5	16,25	15,0	13,75
<p>Ескертпе - Ішкі көлік бойынша шығыстарды келесі жағдайларда нақты шығындар бойынша анықтауға рұқсат етіледі:</p> <p>а) далалық ізденіс жұмыстарының сметалық құны 1 млн. теңгеге дейін болған кезде;</p> <p>б) ізденістер учаскесі ізденіс ұйымы, экспедиция, партия немесе отрядтың базасынан 25 км астам арақашықтыққа алыстаған кезде;</p> <p>в) далалық ізденіс жұмыстарын халық аз қоныстанған (елсіз) аудандарда (биік таулы, шөлді) орындау кезінде, ізденістер учаскесі ізденіс ұйымы, экспедиция, партия немесе отрядтың базасынан 25 км дейін арақашықтыққа алыстаған кезде;</p> <p>г) арнайы көліктік құралдар – ұшақтар, тікұшақтар, жол талғамайтын көліктер, катерлер, баржалар, баркастар, түйеле, ат жүктері және т.б. жалға алумен және ұстаумен байланысты.</p>					

10 Ізденісті орындайтын ұйымның тұрғылықты орнынан ізденіс экспедициясы, партия немесе отряд базасына дейін (немесе ізденістер учаскесіне дейін) және кері қызметкерлердің жүруімен және ізденіс жабдығы мен жүктерді тасымалдаумен байланысты сыртқы көлік бойынша шығыстар далалық ізденіс жұмыстарының, сондай-ақ 3-кесте бойынша (3-кестенің 1-ескертпесінде көзделген шығыстарды қоспағанда) анықталатын ішкі көлік бойынша шығыстарды, 1602-0905-01 және 1602-0905-02 - кестелердің бағалары бойынша анықталатын базаларды және радиостанцияларды ұстау, ізденіс жабдығын монтаждау, бөлшектеу және ұстау бойынша шығыстарды қоса алғанда, экспедициялық шарттарда орындалатын камералық жұмыстардың (Жалпы нұсқаулардың 8 «а», «б», «в», «г» тармақшаларында келтірілген коэффициенттерді ескере отырып) құнынан пайыздарда 4-кесте бойынша анықталады.

4-кесте

Бір бағытта жүру және тасымалдау арақашықтығы, км	Екі бағыттағы сыртқы көлік бойынша шығыстар, далалық жұмыстар, сондай-ақ экспедициялық шарттарда орындалатын камералық жұмыстар құнының %, ұзақтығы, ай.					
	1-ге дейін	2	3	6	9	12 және одан астам
25-тен астам 100-ге дейін	19,6	16,8	12,6	5,6	4,2	4,2
100-ден астам 300-ге дейін	28	21	18,2	8,4	7	5,6
300-ден астам 500-ге дейін	35	29,4	23,8	11,2	8,4	7
500-ден астам 1000-ға дейін	43,4	35	28	14	9,8	8,4
1000-нан астам 2000-ға дейін	50,4	44,8	39,2	18,2	14	9,8
2000-нан астам	-	54,6	50,4	39,2	30,8	23,8
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 25 км дейін арақашықтықтарда сыртқы көлік бойынша шығыстар сметаларда көзделмейді.</p> <p>2 1-тармақшаның нормативтері тек қана ізденіс жабдығы мен қызметкерлерді ізденістер учаскесінен ізденіс ұйымының орналасқан орнына және кері күн сайынғы тасымалдау орынсыз болған кезде (қызметкерлердің жүруі және жүктерді тасымалдау үшін өндірістік қажеттілікпен немесе қолайсыз шарттармен) қолданылады.</p> <p>3 Жету қиын ізденістер учаскелеріне және кері қызметкерлердің жүруі және жүктерді тасымалдау үшін қолайсыз шарттарда ізденістердің жеке түрлерін орындау кезінде сыртқы көлік бойынша шығыстарды ағымдағы кезеңнің бағаларындағы нақты шығындар бойынша анықтауға рұқсат етіледі.</p> <p>4 Егер сыртқы көлік бойынша нақты шығыстар есептік шығыстардан (4-кесте бойынша анықталатын) асып келген жағдайда, орындаушы (ізденіс ұйымы) тапсырыс берушімен келісім бойынша олардың нақты шамасы бойынша осы шығындарды анықтауға құқылы.</p>						

11 Ізденістерді ерекше күрделі табиғи шарттарда немесе жету қиын учаскелерде (биік таулы, шөлді аудандарда және т.б.) орындау кезінде арнайы іс-шараларды (альпинист-нұсқаушыларды, жол серіктерді тарту, құтқару қызметін ұйымдастыру және т.б.) өткізуге ағымдағы кезең бағаларындағы нақты шығындар бойынша анықталатын қосымша шығыстар көзделуі мүмкін.

12 Келесі шығыстар ізденісті орындайтын ұйымның еңбек шығындары және қызметтерді (прайс-парақшалар, тарифтер, шоттар бойынша және т.б.) ұсынатын ұйымдардың нақты шығындары негізінде жасалған ағымдағы кезеңнің бағаларындағы жеке сметалық есеппен анықталады және тапсырыс беруші оған қосымша төлем жүргізеді:

- табиғи шарттар, аэрофототүсіру, картографиялық және өткен жылдардағы басқа да ізденістердің материалдары туралы бастапқы деректерді және мәліметтерді алумен

(иеленумен);

- далалық жұмыстардың жеке түрлерін (тау-кен қазбаларының, бұрғылау ұңғымаларының, тәжірибелік жұмыстарды жүргізу нүктелерінің орналасқан жері және т.б.) жүргізумен байланысты қажетті келісулерді жүргізумен;

- мұндай жұмыстарды (бактериологиялық талдау, бетондағы толтырғыштар толық сынақтары, изотоптар радиохимиясы және т.б.) жүргізуге лицензиясы бар арнайы зертханалар орындайтын топырақ, түптік шөгінділер, жерүсті және жерасты сулар қар және мұз сынамаларын талдаулар мен зерттеулердің арнайы түрлерін жүргізумен;

- суда бұрғылау кезінде қалдырылатын және стационарлық бақылауларды өткізуге арналған кигізбе құбырлар, сүзгілік бағаналар және басқа да материалдардың құнын төлеумен;

- орман шабу билетін иеленумен; ізденістерді жүргізу кезінде орман шабумен байланысты материалдық нұқсанды өтеумен;

- жер пайдаланушының мал түсумен және олардың жер телімдерінде ізденістерді жүргізумен байланысты келтірілген материалдық нұқсанды өтеуімен;

- ізденістерді жүргізу үшін қажетті жұмыстардың негізгі түрлеріне кірмейтін бөгде ұйымдардың қызметтеріне төлем жүргізумен.

13 Объектіде жұмыстарды ұйымдастыру және тарату бойынша шығыстар далалық жұмыстардың, сондай-ақ 3-кесте бойынша (3-кестенің 1-ескертпесінде көзделген шығыстарды қоспағанда) анықталатын ішкі көлік бойынша шығыстарды, 1602-0905-01 және 1602-0905-02-кестелердің бағалары бойынша анықталатын базаларды және радиостанцияларды ұстау, ізденіс жабдығын монтаждау, бөлшектеу және ұстау бойынша шығыстарды қоса алғанда, экспедициялық шарттарда орындалатын камералық жұмыстардың (Жалпы нұсқаулардың 8 «а», «б», «в», «г» тармақшаларында келтірілген коэффициенттерді ескере отырып) құнынан 6% мөлшерде анықталады.

Ескертпелер:

1 13-тармақ бойынша анықталатын жұмыстарды ұйымдастыру және тарату бойынша шығыстардың мөлшерлеріне келесі коэффициенттер қолданылады:

2,5 – құны 500 мың теңгеге дейін ізденістер үшін немесе халық аз қоныстанған (елсіз) аудандарда (биік таулы, шөлді) орындалатын ізденістер кезінде (оларды құнына қарамастан):

2,0 - құны 500-ден астам 1200 мың теңгеге дейін ізденістер үшін;

1,5 - құны 1200-ден астам 2500 мың теңгеге дейін ізденістер үшін.

2 далалық ізденістерді объектіде бір жылдан астам үздіксіз орындау кезінде жұмыстарды ұйымдастыру және тарату бойынша шығыстардың мөлшерлеріне 5-кестеде келтірілген коэффициенттер қолданылауға тиіс.

5-кесте

Алаптық ізденістердің ұзақтығы, ай	Коэффициент
12-ден астам 16-ға дейін	0,8
16-дан астам 20-ге дейін	0,7
20-дан астам 24-ке дейін	0,6
24-тен астам	0,5

14 Қызметкерлерге далалық керек-жарақпен қамтамасыз етуді немесе іссапар шығындарын төлемей далалық жұмыстарды жүргізу кезінде бұл жұмыстарға арналған бағаларға 0,85 коэффициент қолданылады.

Қызметкерлерге далалық керек-жарақпен қамтамасыз етуді немесе іссапар шығындарын төлеумен экспедициялық шарттарда ізденістердің материалдары камералық өңдеуді орындау кезінде бұл жұмыстарға арналған бағаларға 1,15 коэффициент қолданылады.

15 Іздестіру жұмыстарының құнына қажеттілік кезінде арттыратын коэффициенттер қолданылады:

а) осы ізденістердің құнына (9-13-тармақтары бойынша айқындалатын шығыстарды қоспағанда) ізденістердің аралық материалдарын (егер, бұл техникалық тапсырмамен немесе жұмыстар бағдарламасымен көзделген болса) тапсырыс берушіге беру 1,1 коэффициентімен қолданылады;

б) тиісті камералық жұмыстардың құнына түстегі (бояулардағы) жерасты және жерүсті құрылыстардың жоспарын жасау 1,1 коэффициентпен қабылданады.

16 Бірнеше күрделі факторлар болған жағдайда және осыған байланысты бірнеше коэффициенттерді қолдану кезінде жалпы арттырылған коэффициент, әдетте, олардың бөлшек бөліктері мен бірлігін қосу арқылы анықталады.

Бірліктен аз бірнеше коэффициент болса, жалпы төмендетілген коэффициент оларды көбейту арқылы анықталады.

Жалпы арттырылған және жалпы төмендетілген коэффициентер көбейтіледі.

17 Шартқа қоса берілген құрылыс үшін инженерлік ізденістерге арналған жиынтық сметаға Жалпы нұсқаулардың 12-тармағында аталған жұмыстар мен қызметтерге арналған қосымша шығыстар енгізіледі.

1-бөлім Алдын-ала барлап (бағдарлы) тексеруге және бағыттық бақылауларға арналған бағалар

Жалпы ережелер

1 Осы бөлімде мыналарға арналған бағалар келтірілген:

- инженерлік-геологиялық, (гидрогеологиялық және инженерлік-экологиялық алдын-ала барлап (бағдарлы) тексеру;

- 1:50000 - 1:500 масштабтардағы инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық, инженерлік-экологиялық және топырақ карталарын жасау кезінде орындалатын бағыттық бақылаулар.

2 Бағалар инженерлік-геологиялық шарттардың келесі күрделілік санаттары үшін әзірленді келесі б- кесетеді.

6-кесте

Факторлар	Күрделілік санаттары		
	I	II	III
Геоморфологиялық шарттар	Бір геоморфологиялық элемент шеңберіндегі алаң (учаске). Үстіңгі беті көлденең, бөлшектенбеген.	Бір генезистегі бірнеше геоморфологиялық элементтер шеңберіндегі алаң (учаске). Үстіңгі беті еңісті, әлсіз бөлшектенген.	Әртүрлі генезистегі бірнеше геоморфологиялық элементтер шеңберіндегі алаң (учаске). Үстіңгі беті қатты бөлшектенген.
Ғимараттар мен құрылыстардың өзара іс-қимылы саласындағы геологиялық	Екіден астам емес литология бойынша әртүрлі қабаттар, көлденең жатқан немесе әлсіз еңісті (еңісі 0,1-ден астам емес). Қуаты жайылмасы бойынша сақталған. Жоспарда және тереңдік бойынша заңдылыққа сыйымсыз өзгеретін топырақ қасиеттерінің көрсеткіштері бойынша қабаттардың біртекті еместігі шамалы дәрежеде. Жартасты топырақ үстіңгі бетте немесе жартасты емес фунттардың әлсіз қабатымен жабылған.	Еңісті жатқан немесе сыныланумен төрттен астам емес литология бойынша әртүрлі қабаттар. Қуаты заңдылыққа сәйкес өзгереді. Жоспарда және тереңдік бойынша топырақ қасиеттері сипаттамаларының елеулі өзгерісі. Жартасты топырақтың жамылғысы тегіс емес және жартасты емес топырақпен жабылған.	Төрттен астам литология бойынша әртүрлі қабаттар. Қуаты күрт өзгереді. Қабаттардың линза тәрізді жатысы. Жоспарда және тереңдік бойынша өзгеретін топырақ қасиеттерінің көрсеткіштері бойынша біртекті еместік шамалы дәрежеде. Жартасты фунттардың жамылғысы қатты бөлшектенген және жартасты емес топырақпен жабылған. Әртүрлі тәртіптегі опырылымдар бар.
Ғимараттар мен құрылыстардың геологиялық ортамен өзара іс-қимылы саласындағы гидрогеологиялық	Жерасты сулар жоқ немесе біртекті химиялық құраммен жерасты сулардың бір сақталған көкжиегі бар.	Әр жерде біртекті емес химиялық құраммен немесе тегеурінді және құрамы ластанған жерасты сулардың екі және одан астам сақталған көкжиектері.	Жерасты сулардың көкжиектері жайылмасы және қуаты бойынша сақталмаған, біртекті емес химиялық құраммен немесе әртүрлі ластанумен. Әр жерде суға қаныққан және суға берік жыныстардың күрделі кезектесуі. Жерасты сулардың арыны және олардың гидравликалық байланысы жайылма бойынша өзгереді.

6 - кестенің соңы

Факторлар	Күрделілік санаттары		III
	I	II	
Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану шарттарына теріс әсер ететін геологиялық және инженерлік-геологиялық процестер	Жоқ	Таралуы шектеулі және (немесе) жобалық шешімдерді таңдауға, объектілер құрылысына және пайдалануға елеулі әсер етпейді.	Кең таралған және (немесе) жобалық шешімдерді таңдауға, объектілер құрылысына және пайдалануға елеулі әсер етеді.
Ғимараттар мен құрылыстардың геологиялық ортамен өзара іс-қимылы саласындағы ерекше топырақ	Жоқ	Таралуы шектеулі және (немесе) жобалық шешімдерді таңдауға, объектілер құрылысына және пайдалануға елеулі әсер етпейді.	Кең таралған және (немесе) жобалық шешімдерді таңдауға, объектілер құрылысына және пайдалануға елеулі әсер етеді.
Техногендік әсерлер және игерілген аумақтардың өзгерістері	Шамалы және инженерлік-геологиялық ізденістер және жобалау кезінде ескерілмеуі мүмкін.	Жобалық шешімдерді таңдауға және инженерлік-геологиялық ізденістерді жүргізуге елеулі әсер етпейді.	Жобалық шешімдерді таңдауға елеулі әсер етеді және оларды құрамын және жұмыстардың көлемдерін арттыру бөлігінде инженерлік-геологиялық ізденістерді жүргізуді қиындатады.
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 Инженерлік-геологиялық шарттардың күрделілік санатын факторлардың жиынтығы бойынша белгілеу керек. Егер қандай да болмасын жеке фактор барынша жоғары күрделілік санатына жатса және негізгі жобалық шешімдерді қабылдау кезінде айқынаушы болып табылса, онда күрделілік санатын осы фактор бойынша белгілеу керек.</p> <p>2 Топырақ ізденістерін орындаудың күрделілік санаттары келесі көрсеткіштермен сипатталады:</p> <p>I санат. –топырақ жамылғысы біртекті аудандар; топырақ кешендері 15 %-дан астам емес ауданды алып жатыр; батпақтар, батпақты учаскелер және тұзданған топырақ 5 %-дан астам емес ауданды (басым түрде далалық аудандар) алып жатыр.</p> <p>II санат. – топырақ жамылғысы біртекті емес аудандар; әртүрлі топырақ түзгіш жыныстармен, өсімдіктері әртүрлі және жер бедері бөлшектенген; топырақ кешендері 30 %-ға дейін аумақты алып жатыр; батпақтар және батпақты учаскелер 20 %-дан астам емес ауданды (басым түрде орманды-далалық және далалық аудандар) алып жатыр.</p> <p>III санат. - топырақ жамылғысы өте біртекті емес аудандар: жартасты, жұмыр тасты және қиыршықтасты топырақтың таралуымен; батпақтар, батпақты учаскелер және тұзданған жерлер 20 %-дан астам ауданды (шөлдер, шөлейттер, құрғақ далалар, орманды аудандар, алқаптар, жазықтар және атыраулар) алып жатыр.</p>			

3 далалық жұмыстарға арналған бағалар жердің өтімділігінің келесі шарттарын ескереді.

7-кесте

Өтімділік санаты	Өтімділік сипаттамасы
I (жақсы)	Әлсіз бөлшектенген немесе адырлы жер бедері, өзен аңғарлары және жақсы өтімді арқалықтар. Жол желісі жақсы дамыған.
II (қанағаттанарлық)	Қиылысқан жер бедері, салыстырмалы қыраттылығы 500 м дейін, еңістерінің құламалығы 20°-ға дейін. Орманданған жазық аудандар, әлсіз батпақты аумақтар. Жол желісі әлсіз дамыған.

7 - кестенің соңы

Өтімділік санаты	Өтімділік сипаттамасы
III (нашар)	Мұздықтары және жету қиын жартасты қыраттары жоқ таулы жер бедері, салыстырмалы қыраттылығы 500 м астам және еңістерінің құламалығы 20°-дан астам. Жырлар, суағарлар торабы, суландыру және жер өңдеу желісі қарқынды дамыған. Қатты батпақты, сортаң, құмдары жартылай бекітілген аумақтар.
Ескертпе – өту жиын тармақты және жартасты жоталармен және мұздықтармен, ұшы үшкір шыңдармен, қауіпті асулармен, тасыған таулы өзендермен таулы аудандар аумағында, сондай-ақ бекітілмеген құмдармен және шағылдармен шөлді аудандарда орындалатын далалық жұмыстардың құнын ағымдағы кезеңнің бағаларындағы нақты шығындар бойынша анықтауға рұқсат етіледі.	

4 Бағаларда ұңғымаларды тасымалды бұрғылау жиынтығымен үңгілеу, көмбелер, теспелерді бұрғылау, сондай-ақ химиялық және бактериологиялық көрсеткіштер бойынша ластануға талдау үшін монолиттерді және сынамаларды іріктеу бойынша шығыстар ескерілмеген және осы Жинақтың тиісті кестелері бойынша қосымша анықталады.

1-тарау Инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық және инженерлік-экологиялық алдын-ала барлап (бағдарлы) тексеру

1 Осы тарауда инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық, инженерлік-экологиялық және топырақты алдын-ала барлап (бағдарлы) тексеруге арналған бағалар келтірілген.

1602-0101-01-кесте - Алдын-ала барлап тексеру

Жұмыс құрамы:

Бағаларда келесі жұмыстарды орындау шығыстары ескерілген.

Алаптық жұмыстар: аумаққа жақын орналасқан ізденістер учаскесін тексеру, жер бедерін көзбен шолып бағалау, таңдап алынған бағыт бойынша геологиялық, геоморфологиялық, гидрогеологиялық, экологиялық және топырақ бақылауларының кешенін жүргізу (алаптық жазбаларды жүргізу), көзбен шолып тексеруге арналған бүйірлік бағыттары, сауалнама мәліметтерін жинау, ізденістерді жүргізу шарттар анықтау.

Камералық жұмыстар: карта бойынша жұмыстар ауданымен алдын-ала танысу, бағдарлардың бағыттарын таңдау, далалық күнделіктердегі жазбаларды өңдеу және жүйелендіру, сауалнама мәліметтерін жүйелендіру, тексерулер каталогының нүктелерін және оңтайлы масштабта тексерілген аумақтың сызбалық инженерлік-геологиялық (гидрогеологиялық, экологиялық, топырақ) картасын жасау, барынша егжей-тегжейлі зерттеулерді жүргізу үшін учаскелерді бөлу, алап алдындағы кері шифрлау деректерімен байланыстырып материалдарды ресімдеу, түсіндірме жазба (қорытынды) жасау.

Позиция №	Жұмыстардың атауы	Өлш. бірл.	Бағасы, теңге
	Өтімділік жақсы болған кезде инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық алдын-ала барлау:	1 км бағыт	-
01	I күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	6 835
02	I күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	5 041
03	II күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	8 702
04	II күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	6 910
05	III күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	10 569
06	III күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	8 739
	Өтімділік қанағаттанарлық болған кезде инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық алдын-ала барлау:	1 км бағыт	-
07	I күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	7 619
08	I күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	5 041
09	II күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	10 084
10	II күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	6 910
11	III күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	13 445
12	III күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	8 739
	Өтімділік нашар болған кезде инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық алдын-ала барлау:	1 км бағыт	-
13	I күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	10 644
14	I күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	5 041
15	II күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	14 042
16	II күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	6 910
17	III күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	17 628
18	III күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	8 739
	Өтімділік жақсы болған кезде топырақты алдын-ала барлап тексеру:	1 км бағыт	-

1602-0101-01 - кестенің соңы

Позиция №	Жұмыстардың атауы	Өлш. бірл.	Бағасы, теңге
19	I күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	960
20	I күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	474
21	II күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	1 210
22	II күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	630
23	III күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	1 852
24	III күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	901
	Өтімділік қанағаттанарлық болған кезде топырақты алдын-ала барлап тексеру:	1 км бағыт	-
25	I күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	1 274
26	I күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	474
27	II күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	1 617
28	II күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	630
29	III күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	2 316
30	III күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	901
	Өтімділік нашар болған кезде топырақты алдын-ала барлап тексеру:	1 км бағыт	-
31	I күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	1 688
32	I күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	474
33	II күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	2 132
34	II күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	630
35	III күрделілік санаты, далалық жұмыстар	-	3 170
36	III күрделілік санаты, камералық жұмыстар	-	901
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 Инженерлік-экологиялық алдын-ала барлау құны келесі коэффициенттерді қолдана отырып, 1 - 18-т. бағалары бойынша анықталады: 1,1 - II күрделілік санаты үшін және 1,25 - III күрделілік санаты үшін.</p> <p>2 Учаскенің санитарлық жай-күйін тексерумен сумен жабдықтау мақсаттары үшін гидрогеологиялық алдын-ала барлау құны 1,25 коэффициентті қолдана отырып, 1 - 18-т. бағалары бойынша анықталады.</p>			

2-тарау 1:50000 - 1:500 масштабтардағы инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық және инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде орындалатын бағыттық бақылаулар

1 Осы тарауда 1:50000 - 1:500 масштабтардағы инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық, инженерлік-экологиялық, топырақ және басқа да карталарды жасау кезінде орындалатын бағыттық бақылауларға арналған бағалар келтіріледі.

2 1:50000 - 1:500 масштабтардағы инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрогеологиялық және инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде орындалатын бағыттық бақылауларға арналған бағалар жұмыстарды берілген масштабтардағы геологиялық карталар болмаған кезде жүргізуді ескереді; зерттелетін ауданның талап етілетін масштабтағы геологиялық карталары болған кезде бағаларға 0,8 коэффициент қолданылады.

1602-0102-01-кесте - Инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ, инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде бағыт бойынша қозғалу кезіндегі бақылаулар

Сипаттама:

1 Бағыттық бақылауларға арналған бағалар бағыттардың жалпы ұзақтығына және бақылаулар нүктелерінің санына байланысты 1602-0102-01 және 1602-0102-02-кестелерді бірге қолданумен анықталады.

2 Сызықтық құрылыстар трассаларының бойындағы тар жолақтардың карталарын жасау кезінде орындалатын бағыттық бақылаулардың құны 0,6 коэффициентті қолдана отырып, 1602-0102-01 және 1602-0102-02-кестелердің бағалары бойынша анықталады.

Жұмыс құрамы:

Бағаларда жұмыстардың келесі құрамын орындауға арналған шығыстар ескерілген.

Алаптық жұмыстар: бақылауларды жүргізу және бағыттар бойынша жазбаларды жүргізу - геоморфологиялық элементтер және су объектілері, ландшафтық-геоботаникалық шарттар, тау-кен жыныстарының, жер қыртысының және топырақтың табиғи және жасанды жылтырауы, оның ішінде техногендік, жерасты сулардың шығарымдары (температураны, деңгейлерді және шығыстарды өлшеумен), физикалық-геологиялық және техногендік құбылыстардың сипаттамасы, көздерді анықтау және ластануларды көзбен шолу белгілерінің сипаттамасы; зертханалық анықтамалар және зерттеулер үшін (жыныстар, топырақ, жер қыртысы, жерасты және жерүсті сулар) үлгілер мен сынамаларды іріктеу; сауалнама мәліметтерін жинау; әуе және ғарыш түсірілімі далалық материалдарының шифрін оқу, бақылаулардың объектілерін суретке түсіру; табиғи құрылыс материалдары кенорындарын іздестірулер құрылыстардың және перспективалық учаскелердің ықтимал орналасу учаскелерін анықтау.

Камералық жұмыстар: қолда бар карта бойынша жұмыстар ауданымен алдын-ала танысу, бағыттарды бөлу; далалық күнделіктердегі жазбаларды өңдеу және жүйелендіру; үлгілерді қарап шығу және сынамалар мен үлгілерді анықтамалардың және зерттеулердің әралуан түрлеріне арналған зертханаға тапсыру; далалық зертханаларда орындалған анықтамалардың нәтижелерін, жедел-сынамалардың деректерін өңдеу және талдау; алдын-ала бағаналар, бейіндер салу; далалық карталарды жасау - нақты материал, геологиялық, ширек шөгінділер, геоморфологиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, инженерлік-экологиялық, топырақ және т.б.; алдын-ала далалық есепті жасау.

Позиция №	Жұмыстардың атауы	Өлш. бірл.	Бағасы, теңге
	1:50000 масштабта инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ, инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде бағыт бойынша қозғалу кезіндегі бақылаулар:	1 км бағыт	-
01	өтімділігі жақсы, далалық жұмыстар	-	4 668
02	өтімділігі жақсы, камералық жұмыстар	-	485
03	өтімділігі қанағаттанарлық, далалық жұмыстар	-	5 602
04	өтімділігі қанағаттанарлық, камералық жұмыстар	-	597
05	өтімділігі нашар, далалық жұмыстар	-	9 187
06	өтімділігі нашар, камералық жұмыстар	-	972
	1:25000 масштабта инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ, инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде бағыт бойынша қозғалу кезіндегі бақылаулар:	1 км бағыт	-
07	өтімділігі жақсы, далалық жұмыстар	-	4 966
08	өтімділігі жақсы, камералық жұмыстар	-	485
09	өтімділігі қанағаттанарлық, далалық жұмыстар	-	6 199
10	өтімділігі қанағаттанарлық, камералық жұмыстар	-	634
11	өтімділігі нашар, далалық жұмыстар	-	10 159
12	өтімділігі нашар, камералық жұмыстар	-	1 046
	1:10000-1:5000: масштабта инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ, инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде бағыт бойынша қозғалу кезіндегі бақылаулар:	1 км бағыт	-
13	өтімділігі жақсы, далалық жұмыстар	-	5 379
14	өтімділігі жақсы, камералық жұмыстар	-	522
15	өтімділігі қанағаттанарлық, далалық жұмыстар	-	6 798
16	өтімділігі қанағаттанарлық, камералық жұмыстар	-	671
17	өтімділігі нашар, далалық жұмыстар	-	11 205
18	өтімділігі нашар, камералық жұмыстар	-	1 121
	1:2000-1:1000: масштабта инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық, топырақ, инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде бағыт бойынша қозғалу кезіндегі бақылаулар:	1 км бағыт	-
19	өтімділігі жақсы, далалық жұмыстар	-	6 087
20	өтімділігі жақсы, камералық жұмыстар	-	597
21	өтімділігі қанағаттанарлық, далалық жұмыстар	-	7 581
22	өтімділігі қанағаттанарлық, камералық жұмыстар	-	785
23	өтімділігі нашар, далалық жұмыстар	-	12 548
24	өтімділігі нашар, камералық жұмыстар	-	1 270
Ескертпе – Гамма-сәуле балама мөлшерінің қуатын анықтау кезінде осы кестенің бағаларына 1,3 коэффициент қолданылады.			

1602-0102-02-кесте - Инженерлік-геологиялық (гидрогеологиялық) карталарды жасау кезіндегі бақылаулар нүктелерінің сипаттамасы

Позиция №	Жұмыстардың атауы	Өлш. бірл.	Бағасы, теңге
	Инженерлік-геологиялық (гидрогеологиялық) карталарды жасау кезіндегі бақылаулар нүктелерінің сипаттамасы:	1 км бағыт	-
01	күрделілік санаты I, далалық жұмыстар	-	2 540
02	күрделілік санаты I, камералық жұмыстар	-	1 568
03	күрделілік санаты II, далалық жұмыстар	-	3 810
04	күрделілік санаты II, камералық жұмыстар	-	2 428
05	күрделілік санаты III, далалық жұмыстар	-	6 125
06	күрделілік санаты III, камералық жұмыстар	-	3 810

1602-0102-02 - кестенің соңы

Позиция №	Жұмыстардың атауы	Өлш. бірл.	Бағасы, теңге
	Инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезіндегі бақылаулар нүктелерінің сипаттамасы, күрделілік санаты I:	1 км бағыт	-
07	күрделілік санаты I, далалық жұмыстар	-	2 727
08	күрделілік санаты I, камералық жұмыстар	-	1 680
09	күрделілік санаты II, далалық жұмыстар	-	4 370
10	күрделілік санаты II, камералық жұмыстар	-	2 801
11	күрделілік санаты III, далалық жұмыстар	-	7 954
12	күрделілік санаты III, камералық жұмыстар	-	4 966
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 Басқа да карталарды жасау үшін бағыттық бақылауларды орындау кезінде осы кестенің тиісті тармақтарының бағаларына келесі коэффициенттер қолданылады:</p> <p>1,3 - кешенді карталар және радиометрлік бақылаулардың деректері түсірілген карта;</p> <p>1,3 – санитарлық қорғау аймақтарының шекараларын белгілеумен сумен жабдықтау мақсаттарына арналған гидрогеологиялық карта;</p> <p>0,4 - жер қыртысы картасы.</p> <p>2 Құрылыс салынған аумаққа (қала, өнеркәсіптік объектілер және т.б.), қоқыс тастайтын учаскелерге, үйге топыраққа және т.б. арналған инженерлік-экологиялық карталарды жасау кезінде 1602-0102-02 - кестенің 7-12-т. бағаларына 1,15 коэффициент қолданылады.</p>			

2-бөлім Бұрғылау жұмыстарына арналған бағалар

Жалпы ережелер

1 Осы бөлімде жұмыстардың келесі түрлеріне арналған бағалар келтірілген:

- қолмен бұрғылау және тасымалды қондырғылармен бұрғылау;
- бағаналық бұрғылау;
- механикалық сокқылы-арқандық бұрғылау;
- ұңғымаларды және сыбызғы-шурфтарды шнекті бұрғылау;
- дірілдік бұрғылау;
- кері шаюмен бұрғылау.

2 Бұрғылауға арналған бағаларда далалық құжаттаманы жүргізуге арналған шығыстар ескерілген.

3 Бағаларда мыналардың шығыстары ескерілмеген және ағымдағы кезең бағаларындағы нақты шығындар бойынша анықталады:

- бұрқақтағыш ұңғымаларды тығындау;
- ерітіндінің қажетті мөлшері аралықтың қосарлы көлемінен асып кеткен кезде (бұрғыланған диаметр бойынша) ұңғыманың жеке аралықтарын цементтік немесе саз балшықты ерітіндімен тығындау;
- ұңғыманы жасанды майыстыру.

4 Бұрғылауға арналған бағалар бұрғылануы бойынша жыныстардың санаттары бойынша ұңғыманың бастапқы диаметрі және соңғы тереңдігіне байланысты берілді.

Қолмен бұрғылау кезінде бастапқы диаметр ретінде кигізбе құбырлардың бірінші жұмыс бағанасының диаметрі; тасымалды қондырғылармен бұрғылау кезінде – қолданылатын жыныс қопарғыш құралдың ең жоғары диаметрі қабылданады.

